

Салыхбаева А.Т.

**Азаматтардың қолайлы
қоршаған ортаға деген
құқығын жүзеге асырудағы
қоғамдық экологиялық
сараптаманың құқықтық
негіздері**

Бұл мақалада автор Қазақстан Республикасындағы азаматтардың қолайлы қоршаған ортаға деген құқығын жүзеге асырудың тетігін қарастырған. Қоғамдық экологиялық сараптама қызметін жүзеге асыру мәселелеріне талдау жасаған. Қоғамдық экологиялық сараптаманың қоршаған ортаға келтірілген зиянды болжау арқылы алдын алады және оны бағалай отырып зиянның зардабын жою жолдарын ұсынады. Сонымен қатар, қоғамдық экологиялық сараптаманың жүзеге асыру тетігінің кейбір шешу жолдарын ұсынады.

Түйін сөздер: қоршаған орта, қоғамдық экологиялық сараптама, экологиялық заңнама.

Salykhbaeva A.T.

**Legal basis for public
environmental expertise in the
implementation of the right to a
healthy environment**

In this article, the author examines the problem of the mechanism of realization of the right to a healthy environment. And foresees an analysis of the implementation of public environmental review of the Republic of Kazakhstan. Public environmental examination is carried out in order to prevent negative impacts on the environment, organized and carried out on the initiative of citizens and civil society organizations. As well as offering some of the ways the decision mechanism for the implementation of public environmental review.

Key words: environment, public environmental assessment, environmental legislation.

Салыхбаева А.Т.

**Правовые основы
общественной экологической
экспертизы в реализации прав
на благоприятную
окружающую среду**

В данной статье автор рассматривает проблемы механизма реализации прав на благоприятную окружающую среду. А также проведен анализ реализации общественной экологической экспертизы Республики Казахстан. Общественная экологическая экспертиза проводится для предупреждения негативного воздействия на окружающую среду, организуется и проводится по инициативе граждан и общественных организаций. А также предлагает некоторые пути решения механизма реализации общественной экологической экспертизы.

Ключевые слова: окружающая среда, общественная экологическая экспертиза, экологическое законодательство.

**АЗАМАТТАРДЫҢ
ҚОЛАЙЛЫ ҚОРШАҒАН
ОРТАҒА ДЕГЕН
ҚҰҚЫҒЫН ЖҮЗЕГЕ
АСЫРУДАҒЫ
ҚОҒАМДЫҚ
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ
САРАПТАМАНЫҢ
ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

Қазіргі таңда қоғамды, экономиканы экологияландыру қарқынды түрде жүзеге асырылып жатыр. Қоғамды экологияландыру деп – адамның табиғатпен үйлесімділігіне қол жеткізуге бағытталған қоғам көзқарасының жүйесін қалыптастыру процесі, ал экономиканы экологияландыру өндірістің табиғатты қажетсінуін төмендету және зат пен энергия алмасу биосфералық процестеріне экономиканың әсер етуін азайту арқылы тұрақты экологиялық қауіпсіз табиғат пайдалануды және ресурстық экологиялық тепе-теңдікті қамтамасыз ету, құқықты экологияландыру қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеудегі экожүйе қағидатын ескеру болып табылады және заңнамасын жетілдіру, жүйеге келтіру жолымен жүзеге асырылады. Қоғамдық қатынастардың жалпы демократиялық негіздері Конституцияда жазылған, оған: заң, бостандық, жауапкершілік бірлігі, қоғамдық пікірді ескеру, азшылықтың өзіндік көзқарасқа құқығы, жариялылық болып табылады. Осыған сәйкес Қазақстан Республикасының Конституциясының 23-бабында, Қазақстан Республикасының азаматтарының бірлесу бостандығына құқығы бар және ондай қоғамдық бірлестіктердің қызметі заңмен реттелінеді делінген. Сондай-ақ, мемлекет адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауды мақсат етіп қояды [2].

Қоғамдық экологиялық сараптаманың құқықтық негізгі қызметі ретінде келесі заңды актілер қолданылады: Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыздағы; Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі 2007 жылғы 9 қаңтардағы, Қазақстан Республикасының «Қоғамдық бірлестіктер туралы» 1996 жылғы 31 мамырдағы Заңы.

Экологиялық кодексте қоғамдық бірлестіктердің қоршаған ортаны қорғау саласында өз қызметін жүзеге асыру кезінде: 1) экологиялық бағдарламаларды әзірлеуге және насихаттауға, азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға, оларды қоршаған ортаны қорғау саласындағы белсенді қызметке ерікті негізде тартуға; 2) қоршаған ортаны қорғау мен сауықтыру, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен молықтыру жөніндегі жұмыстарды орындауға, экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық жағынан ерекше құнды қоршаған орта объектілерін қорғауға, ерекше қорға-

латын табиғи аумақтардың қызметіне қатысуға; 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардың қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша шешімдер қабылдау процесіне қатысуға; 4) экологиялық білім беру мен ағарту жұмыстарын орындауға, қоршаған ортаны қорғау саласында ғылыми зерттеулер жүргізуге; 5) қоғамдық экологиялық сараптамаға және қоғамдық тыңдаулар өткізуге бастамашылық жасауға және оларды ұйымдастыруға; 6) қоғамдық экологиялық бақылауды жүзеге асыруға; 7) мемлекеттік органдар мен ұйымдардан уақтылы, толық және дұрыс экологиялық ақпарат алуға; 8) қоршаған ортаны қорғау саласында мемлекеттік органдармен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтасуға және өзара іс-қимыл жасауға, олармен келісімдер жасауға, олар үшін шарттар бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген белгілі бір жұмыстарды орындауға; 9) қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер жобаларын әзірлеу кезеңінде оларды талқылауға қатысуға және әзірлеушілерге өз ескертпелерін ұсынуға; 10) қоршаған ортаға байланысты жоспарлар мен бағдарламаларды дайындау процесіне қатысуға; 11) жеке және (немесе) заңды тұлғаларды жауапқа тарту туралы мәселелер қоюға, Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының бұзылуы салдарынан азаматтардың денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянның өтелуі туралы сотқа талап-арыз беруге; 12) кәсіпорындарды, құрылыстар мен экологиялық жағынан қауіпті өзге де объектілерді орналастыру, салу, реконструкциялау және пайдалануға беру туралы шешімдердің әкімшілік немесе сот тәртібімен күшін жоюды, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың қоршаған орта мен адам денсаулығына теріс әсер ететін шаруашылық және өзге де қызметін шектеу, тоқтата тұру және тоқтату туралы шешім шығаруды талап етуге; 13) қоршаған ортаны қорғау қорларын құруға құқығы бар.

Қоғамдық бірлестіктер қоршаған ортаны қорғау саласындағы өз қызметін жүзеге асыру кезінде: 1) табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға, қоршаған ортаны қорғауға және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған шараларды іске асыруға жәрдемдесуге; 2) өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асыруға міндетті, 3) Қоғамдық бірлестіктердің Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де құқықтары мен міндеттері болады [2].

Қоршаған ортаны қорғау және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету шеңберінде жалпыға ортақ нормалардың сақталуын, қоршаған ортаға келтірілетін кері әсерді азайту, келтірілуі мүмкін зиянды болжап, келтірілген зардапты бағалауды жүзеге асыратын салалардың бірі экологиялық сараптама.

Қоғамдық экологиялық сараптама кез келген шаруашылық және өзге де қызметті азаматтардың өмірі мен денсаулығына қолайлы қоршаған ортаны сақтау жөніндегі қоғамдық мүдделердің сақталуы тұрғысынан қарайды.

Қоғамдық экологиялық сараптама – қоғамдық бірлестіктер құратын сараптама комиссиялары ерікті негізде жүзеге асыратын қызмет түрі [2].

Экологиялық кодекстің 15-тарауы қоғамдық экологиялық бақылауға арналған. Қоғамдық экологиялық бақылау жұртшылықты мемлекеттің экологиялық мәселелеріне тарту мақсатында жүргізіледі.

Қоғамдық экологиялық бақылау жүргізу тәртібін қоғамдық бірлестіктер өз жарғыларына сәйкес айқындайды. Жеке және заңды тұлғалар қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды қорғау, молықтыру және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың жұмысы және оның нәтижелері туралы ақпаратқа қол жеткізуге тиіс. Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды қорғау, молықтыру және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар жекелеген тексерулер нәтижелерінің және жылдық есептіліктің жариялануын қамтамасыз етеді. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган ынтымақтасу және өзара іс-қимыл жасауды жүзеге асыру үшін жарғыларында қоғамдық экологиялық бақылау функциясы көзделген қоғамдық бірлестіктердің тізбесін жасайды. Мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын бұзушылықтарды анықтау жөніндегі жұмысқа жеке және заңды тұлғаларды ерікті негізде тартуы мүмкін.

ТМД елдері арасында Қазақстан Республикасы қоғамдық экологиялық сараптаманы заңнама негізінде алғашқы болып қарастырған [5].

Мемлекеттік экологиялық сараптама барлық ауылшаруашылық қызметінің түрлеріне міндетті болып саналады, ал қоғамдық сараптама болса мемлекеттің дамуында атсалысудың бір нысаны болып есептеледі.

Қоғамдық экологиялық сараптаманы жүргізетін комиссия қоғамдық бірлестіктермен құрылады. Қазақстан Республикасының Қоғамдық

бірлестіктер туралы 1996 жылғы 31 мамырдағы Заңына сәйкес, қоғамдық бірлестіктер деп – Қазақстан Республикасында саяси партиялар, кәсіптік одақтар және азаматтардың ортақ мақсаттарға жету үшін ерікті негізде құрылған, заңдарға қайшы келмейтін басқа да бірлестіктері танылады. Қоғамдық бірлестіктер коммерциялық емес ұйымдар болып табылады. Мемлекет қоғамдық бірлестіктердің құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз етеді. Қоғамдық және мемлекеттік институттардың қосылуына, мемлекеттің қоғамдық бірлестіктер істеріне және қоғамдық бірлестіктердің мемлекет істеріне заңсыз араласуына, қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік органдардың міндеттерін жүктеуге және қоғамдық бірлестіктерді мемлекеттің қаржыландыруына жол берілмейді. Қоғамдық бірлестіктер мемлекеттік органдармен ынтымақтасуы және өзара іс-қимыл етуі, олармен келісімдер жасасуы мүмкін, мемлекеттік органдармен шарттар бойынша олар үшін заңдарда көзделген белгілі бір жұмыстар орындауы мүмкін [4].

Қазақстанда мұндай экологиялық бірлестіктері мен ұйымдар жеткілікті, олардың қызметі экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі шараларға атсалысу, бақылау, яғни қоғам мүддесін қорғау болып табылады. Мысалға, Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау министрлігінің жанындағы қоғамдық экологиялық кеңесі қызмет атқарады.

Қоғамдық бірлестіктер азаматтардың құқықтары мен мүддесін қорғаудағы өкіл ретінде болғандықтан бейресми түрде эколог-мамандар мен ғалымдардың, жеке мемлекет қайраткерлерінің қолдауын табуда. Қоғамдық экологиялық сараптама объектісі іске асырылған жағдайда мүдделері қозғалатын жеке тұлғалар немесе қоғамдық бірлестіктер қоғамдық экологиялық сараптаманың бастамашысы болуы мүмкін. Қоғамдық экологиялық сараптаманы ұйымдастырушы – қоғамдық бірлестіктер, олардың атынан экологиялық сараптама жүргізу туралы өтініш беріледі және сараптама комиссиясының қызметін ұйымдастыру жөнінде шаралар қолданылады. Яғни, заңда көрсетілген талаптарға сәйкес қоғамдық сараптаманы ұйымдастыру, қоғамдық экологиялық сараптаманың барысы мен нәтижелері туралы жұртшылықтың хабардар етілуін және қоғамдық экологиялық сараптама қорытындысын әзірлеуде қоғамдық пікірдің есепке алынуын қамтамасыз етуге, қоғамдық экологиялық сараптама қорытындысының барлық мүдделі тараптар

үшін ашық болуын қамтамасыз етуге міндетті. Және тапсырыс берушіден қоғамдық экологиялық сараптама жүргізуге қажетті құжаттар мен материалдар сұратуға, сараптама жүргізу үшін сарапшылық комиссия құруға, қоғамдық экологиялық сараптаманың қорытындысын жергілікті атқарушы органдарға және қаржы ұйымдарына табыс етуге құқығы бар.

Қоғамдық экологиялық сараптама сараптаманы ұйымдастырушының оны жүргізу туралы өтініш тіркелген жағдайда жүзеге асырылады. Қоғамдық экологиялық сараптаманы тіркеу туралы өтінішті оның ұйымдастырушысы аумағында сараптама объектісінің қызметі жоспарланып отырған жергілікті атқарушы органдарға береді, өз кезегінде бұл орган өтініш берілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде оны тіркеуге немесе тіркеуден бас тартуға міндетті.

Өтініште:

1) қоғамдық экологиялық сараптаманы ұйымдастырушының атауы, заңды мекенжайы;

2) қоғамдық экологиялық сараптаманы ұйымдастырушының жарғыда көзделген қызметінің сипаты;

3) қоғамдық экологиялық сараптаманың сарапшылық комиссиясының құрамы туралы мәліметтер;

4) қоғамдық экологиялық сараптама объектісі туралы мәліметтер, қоғамдық экологиялық сараптаманы жүргізу мерзімдері көрсетілуге тиіс.

Қоғамдық экологиялық сараптаманың сарапшысы қаралатын мәселе бойынша ғылыми және практикалық білімі бар және сараптаманы ұйымдастырушы қоғамдық сараптама жүргізуге тартқан жеке тұлғаны айтамыз [4].

Көбіне қоғамдық экологиялық сараптама формальді бекітілген экологиялық сараптама түрі ретінде қарастырылды, себебі келесідей бекітілген: қоғамдық экологиялық сараптаманың нәтижелері ұсынымдық сипатта болатын қоғамдық экологиялық сараптаманың қорытындысы түрінде ресімделеді.

Қоғамдық экологиялық сараптама тұжырымдарында:

қоғамдық экологиялық сараптама объектісінің Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкестігі туралы қорытынды; тапсырыс берушінің қоршаған ортаға әсерге жүргізген бағалауының толымдылығы, сапасы мен дұрыстығы жөніндегі сипаттама;

жұртшылықтың әртүрлі топтарының белгіленіп отырған қызметке көзқарасының сипаттамасы, жұртшылықтың ұсыныстары мен ескертпелеріне жасалған шолу;

сарапшылардың қоғамдық экологиялық сараптама объектісін іске асыруға экологиялық және әлеуметтік тұрғыдан жол беруге болатыны жөніндегі пікірі;

мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүзеге асыратын органға, тапсырыс берушіге, сараптама объектісін іске асыруға байланысты шешімдер қабылдайтын мемлекеттік органдарға және заңды тұлғаларға берілетін ұсыныстар мен ұсынымдар қамтылуға тиіс [4].

Қоғамдық экологиялық сараптама өткізілгеннен кейін, сараптама қорытындысы міндеттелген органдар мен ұйымдарға жіберіледі. Оған, қоғамдық экологиялық сараптама жүргізуге берілген өтінішті тіркеген жергілікті атқарушы органға, осы объектінің мемлекеттік экологиялық сараптамасын жүзеге асыратын органға, жоспарланып отырған қызметтің тапсырыс берушісіне, қоғамдық экологиялық сараптама объектісін іске қосуға байланысты шешімдер қабылдайтын органдарға, бұқаралық ақпарат құралдарына жатады.

Экологиялық кодекстің 67-бабының 3-тармағы бойынша, қоғамдық экологиялық сараптаманың қорытындысы жергілікті атқарушы органдар, қаржы ұйымдары және белгіленіп отырған қызметтің тапсырыс берушісі шешімдер қабылдаған кезде де ескерілуі мүмкін. Заңда тек шешім қабылдау кезінде ескерілуі мүмкін деп анықталған. Бұдан туындайтын сұрақ, қоғамдық бірлестіктердің өткізген қымбат сараптама керек болып қалмауы да мүмкін. Сондай-ақ, егер сараптама қорытындысы өзге тұлғалардың мүддесіне және жүзеге асырмақ жоспарына қарсы келіп жатса сараптама нәтижесі орындалуы екі талай.

Қоғамдық бірлестіктердің қызметінің басты элементтерінің бірі болғандықтан қоғамдық сараптама мүддесін тек экологиялық ұйымдар қорғамау керек.

Қоғамдық экологиялық сараптама мемлекеттік экологиялық сараптаманың сол объектілері бойынша жүргізілуіне қарамастан жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл дегеніміз өз кезегінде салынайын деп жатқан өндіріс аймақтарына, пайдалы қазбалардың кен орындарын ашуылуы қоршаған ортаға тигізетін әсерін бағалай отырып, тұрғындардың немесе сол аумақтағы халықтың, жекеленген топтардың, ұйымдар мен бірлестіктердің бастамасымен жүргізілетін іс шара.

Аумағында шаруашылық қызметті жоспарланып отырған облыс әкімдері өкілеттік берген жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын

атқарушы органдардың жүзеге асыратын қоғамдық экологиялық сараптаманы жүргізуді ұйымдастырудың және мемлекеттік тіркеудің тәртібін белгілейді.

Қоғамдық экологиялық сараптаманың қорытындысының ақпараттық және кепілдемелік сипаты бар.

Қоғамдық экологиялық сараптаманы қаржыландыру қоғамдық экологиялық бірлестіктердің және қорлардың өзіндік қаражаты есебінен немесе қоғамдық бастамамен жүзеге асырылады. Қоғамдық экологиялық сараптаманы жүргізудің мемлекеттік тіркеудің тәртібі Қоғамдық экологиялық сараптаманы жүргізу туралы өтінім түскен кезде жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган 10 күн ішінде мемлекеттік тіркеу журналында осы өтінішті мемлекеттік тіркеуді жүргізеді және қоршаған ортаны қорғау саласындағы атқарушы органға оның тіркелгені туралы хабарлайды. Өтінімде қоғамдық экологиялық сараптамалық комиссия құрамы, экологиялық сараптамасы, оны жүргізудің мерзімдері белгіленген объектінің атауы туралы мәліметтер болуы тиіс.

Қоғамдық экологиялық сараптаманы мемлекеттік тіркеу журналын жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган жүргізеді және өзге де ережелерге қосымшаға сәйкес онда экологиялық сараптама объектісінің атауы, қоғамдық сараптамалық комиссияның атауы, қоғамдық экологиялық-сараптамалық комиссияның құрамы (қоғамдық сарапшылардың біліктілік құрамы), сондай-ақ бұрын орындалған сараптамалық жұмыстар туралы (қосымша) мәліметтер болуы тиіс.

Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган өтінімді қарау аяқталған соң Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен өтінім берушіге тіркеу нөмірімен және күнімен мемлекеттік тіркеу туралы қорытындыны береді [3].

Қоғамдық экологиялық сараптаманы жүргізу барысына қатысуға, сараптама жүргізілгеннен кейін қорытындыға байланысты оның нәтижесіз қалмауын қадағалау керек. Осы тұрғыда азаматтардың экологиялық құқықтары қолданып, ол жүзеге асырылады. Мемлекеттік экологиялық сараптама қоғамдық экологиялық сараптаманың негізін қамтитын сұрақтарға барынша көңіл бөлмейді. Қоғамдық экологиялық сараптаманы қарастырғанда, мемлекеттік экологиялық сараптама қамтитын шекара шегінен асып, яғни азаматтардың экологиялық құқығына қатысты ауылшаруашылық пен өзге

шаруашылықты қарастыратын сұрақтарды терең қарастыру керек. Көбіне кішігірім аймақты қамтыған халықты мұндай сұрақ мемлекетке қарағанда көбірек қобалжытады. Немесе кейде, керісінше жағдай туындауы мүмкін, яғни мемлекет көңіл бөлерліктей жағдай деп таныса ал қоғамды онша қобалжытпауы мүмкін. Бұдан басқа, Қазақстанда жаңа нарықтық жағдайларда табиғат пайдалануды реттеу процесіне жұртшылықты тартуға мүмкіндік беретін пәрменді тетік болуға тиіс қоғамдық экологиялық сараптаманы жүргізу заңдық тұрғыдан бекітілген. Бұл үшін экологиялық сараптамаға байланысты Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет.

Бұл мақсатта, үкіметтік емес ұйымдарды (ҰЕҰ) табиғат қорғау қызметіне неғұрлым белсендірек тарту, олардың ғылыми және шығармашылық әлеуетін, үкіметтік емес ұйымдардың мүмкіндіктері мен ресурстарын қоғамдық экологиялық сараптама жүргізуге, оның ішінде заңнамалық актілерді әзірлегенде, экологиялық жобаларды қалыптастырғанда, ғылыми-зерттеу жұмыстары мен экологиялық ахуалдың мониторингін өткізгенде кеңірек пайдалану қажет. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 наурыздағы N 253 қаулысымен бекітілген Үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдаудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасының қабылдануын ескере отырып, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс арқылы ҰЕҰ-ны экологиялық жобаларды іске асыруға, қоғамдық экологиялық сараптама өткізуге қатысуға тартуға нақты мүмкіндік ашылды.

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 36-бабы 3, 4 тармақтарына сәйкес қоршаған ортаға баға беру әсері жобаланатын объектінің болашақ қызметіне жатады. Жобаларды әзірлеуші және тапсырыс беруші қоршаған ортаға баға беру әсерін жүргізудегі нәтижесін ескеруге міндетті және қоршаған ортаға аз зиян келтіретін, осындай нұсқаларды қабылдауды қамтамасыз етеді [3].

Мұндай жағдайдың болмауы үшін, мысалы, Ресей Федерациясының 1995 жылы 23 қараша қабылданған «Экологиялық сараптама туралы» Федералды заңының 20-бабында «Қоғамдық экологиялық сараптаманың бастамашылары азаматтар, қоғамдық бірлестіктер (ұйымдар), сондай-ақ, жарғысында қызметінің басты бағыты қоршаған табиғи ортаны қорғау болып табылатын және экологиялық сараптаманы ұйымдастыратын, жүргізетін, РФ заңдарына

сәйкес тіркеу тәрібін өткен өзін-өзі басқару органдары бола алады» делінген.

Осыған сәйкес құқық теориясында бұдан көп бұрын жасалып, зерттеліп қойған практикалық қызметтің түрі «норма шығарушы» немесе «құқық шығарушы» формасы деп атауға болады. Біздің пікірімізше, аталған қызмет формасының міндеті және қоғамдық экологиялық сараптаманың құқықтық және заңнамалық базасын әзірлеу, бекіту мен жетілдіру қажеттігінде жатыр. Норма шығарушылыққа ғылыми сипат тән болуы тиіс, яғни ол ғылыми негізделген, жаңа нормативтік шешімді қажетсінетін мәселелердің теориялық және практикалық әзірленуіне сүйенуі тиіс. Біздің ойымызша, норма шығару саласындағы қызметке ғылымның тиісті саласының теорияшыл, заңгер ғалымдарын және жекелеген өкілдерін тартқан жөн. Құқықтың теориялық қырлары мен практикалық қызметіне талдау жасау барысында «норма шығарушылық» – қоршаған ортаны қорғау саласында арнайы өкілеттілік берілген мемлекеттік экологиялық-сараптамалық органдардың экологиялық сараптама саласындағы нормативтік-құқықтық актілерді жобалау, әзірлеу, өзгерту мен толықтыру, қабылдау және жетілдіру бойынша тәжірибелік қызметінің түрі деген қорытындыға келдік.

Біздің ойымызша, қоғамдық экологиялық сараптаманың құқықтық мәртебесін қайта қарап толықтырып, қоғамдық экологиялық сараптаманың жүзеге асырылу тетігін құқықтық реттеу қажет. Себебі, қоғамдық экологиялық сараптама көбіне ақпараттық, ұсынбалы сипаттамада және заңи жауапкершілік көзделмеген. Сондай-ақ, экологиялық сараптаманы жүргізу үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы арнайы мамандандырылған органдардан рұқсат алып, қоғамдық экологиялық сараптаманы жүргізу үшін мемлекеттік тіркеуден өту қажет. Қоғамға өзінің экологиялық құқықтары мен мүдделерін қорғауға барынша жағдай жасай отырып, қоршаған ортаға қауіпті қызметпен айналысатын субъектілерге нақты және демократиялық тетіктер арқылы әсер ету қажет. Сонымен қатар, қоғамды экологияландыру мен қоғамның құқыққа деген, мәдениетке, қоршаған ортаға деген көзқарасы өзгерер еді.

Қоғамдық экологиялық сараптаманың қоршаған ортаға келтірілген зиянды болжау арқылы алдын алады және оны бағалай отырып зиянның зардабын жою жолдарын ұсынады. Сондай-ақ, мемлекет пен тұрғындардың, ұйымдар мен бірлестіктердің арасындағы қарымқатынас және

жалпы адамзаттың ортақ үйінің жағдайына деген алаңдаушылық пен аялаушылықты көрсетеді.

Қоғамдық ұйымдар демократиялық және экономикалық демеу, құқық қорғау, этникалық азшылық және т.б. сонымен қатар қоршаған ортаны қорғау қызметіне жүзеге асырады.

Қазақстанда көптеген қоғамдық экологиялық ұйымдар мен бірлестіктер бар, бірақ осы ұйымдардың қызметі біршама кенжелеп қалуда. Мұның себебі болып, экологиялық сараптаманың ақпараттық, ұсынбалық болуында. Қоғамдық сараптаманың құқықтық мәртебесін қайта қарап толықтыру керек, яғни мемлекеттік сараптамамен теңестіру қажет. Қазақстан шикізат өндіруден алдыңғы қатардағы елдерге жатады. Бүгінгі өндіріп алған қазба байлықтар қоршаған ортаға әсерін тигізбей қоймайды, экологиялық зардап пен зиянның мөлшерін өлшеу және бағалау даулы мәселе болып келеді. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізген кезде экологиялық, санитариялық-эпидемиологиялық және өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жер қойнауының ластануын болғызбауды, жер

қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың қоршаған ортаға зиянды әсерін төмендетуді қамтамасыз ету жер қойнауын пайдалану құқығын жүзеге асырудың міндетті шарты болып табылады. Жер қойнауының пайдалы қазбаларын іздеу мен барлау жұмыстарын болжаудың стратегиясы мен тактикасын қайта қарау қажет. Тек уақыттан оза дамыған геология ғылымы ғана жаңа кеніштерді ашудың сенімді болжамды қорын негіздеп, сарқылып бара жатқан минералды шикізат қорларының орнын толтыруға, оларды қоршаған ортаны қорғау нормаларын сақтай отырып тиімді пайдалануға мүмкіндік туғыза алады.

Сонымен қатар, қоғамдық ұйымдардың құқықтық жағдайын оңалту үшін түрлі семинарлар, дөңгелек үстелдер өткізу қажет, оған экологиялық институт өкілдерін, қоршаған ортаны қорғау Министрлігінің өкілдерін, экологиялық қоғамдық ұйымдарды, басқа да министрліктер мен мекемелерді, Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау қызметінің жоспары бойынша координатациялық жұмысшы топтары мен Парламент депутаттарын тарту қажет.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы, 30 тамыз 1995 ж. – Алматы: Юрист. – 2014.
- 2 Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексі, 9 қаңтар 2007 ж., N 212. – Алматы: Юрист. – 2014.
- 3 Баимбетов Н.С. Канд. дис. на соиск. уч. степени кандидата наук. «Проблемы правового регулирования экологической экспертизы в РК». – Алматы, 1999. – С. 83
- 4 Бренчук М.М. Экологическая права. – М., 1998 г. – С. 494.
- 5 Букс И.И., Фомин С.А. «Экологическая экспертиза и оценка воздействия на окружающую среду (ОВОС)». – М., 1998. – 19 б.

References

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы, 30 тамыз 1995 ж. – Алматы: Юрист. – 2014.
- 2 Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексі, 9 қаңтар 2007 ж., N 212. – Алматы: Юрист. – 2014.
- 3 Baimbetov N.S. Kand. dis. na soisk. uch. stepeni kandidata nauk. «Problemy pravovogo regulirovaniya jekologicheskoy jekspertizy v RK». – Алматы, 1999. – С. 83
- 4 Brenchuk M.M. Jekologicheskaja prava. – М., 1998 г. – С. 494.
- 5 Buks I.I., Fomin S.A. «Jekologicheskaja jekspertiza i ocenka vozdejstvija naokruzhaishhuju sredu (OVOS)». – М., 1998. – 19 б.